

2020-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспарды бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 51/18 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 желтоқсанда № 6864 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес Тимирязев аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімге қоса беріліп отырған 2020-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы бойынша жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспары бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*С. Мустафин
С. Мустафин*

Тимирязев аудандық мәслихатының
2020 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 51/18 шешімімен
бекітілген

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданы бойынша 2020-2021 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі Жоспар

Осы 2020-2021 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданында жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспар (бұдан әрі – жоспар) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 20 ақпандағы "Жайылымдар туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 "Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 3-3/332 "Жайылымдардың жалпы алаңына түсетін жүктеменің шекті рұқсат етілетін нормасын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11064 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

Жоспар жайылымдарды ұтымды пайдалану, жемшөпке қажеттілікті тұрақты қамтамасыз ету және жайылымдардың тозу процестерін болғызбау мақсатында қабылданады.

Жоспар мазмұны:

1) құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы) осы жоспардың 1-қосымшасына сәйкес;

2) жайылым айналымдарының қолайлы схемалары осы жоспардың 2-қосымшасына сәйкес;

3) жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы осы жоспардың 3-қосымшасына сәйкес;

4) жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы осы жоспардың 4-қосымшасына сәйкес;

5) жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы осы жоспардың 5-қосымшасына сәйкес;

6) ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік кестесі осы жоспардың 6-қосымшасына сәйкес;

7) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жайылымдарды ұтымды пайдалану үшін қажетті өзге де талаптарды қамтуға тиіс.

Жоспар жайылымдарды геоботаникалық зерттеп-қараудың жай-күйі туралы мәліметтер, ветеринариялық-санитариялық объектілер туралы мәліметтер, иелерін-жайылым пайдаланушыларды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларды көрсете отырып, ауыл шаруашылығы жануарлары мал басының саны туралы деректер, ауыл шаруашылығы жануарларының түрлері мен жыныстық жас топтары бойынша қалыптастырылған үйірлердің, отарлардың, табындардың саны туралы деректер, жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын жаю ерекшеліктері ескеріле отырып қабылданды.

Әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Тимирязев ауданында 16 ауылдық округ, 21 ауылдық елді мекен бар.

Тимирязев ауданының жалпы көлемі 451 167 га, оның ішінде жайылымдық жерлер – 110 993 га.

Санаттар бойынша жерлер бөлінісі:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер- 362 155 га;

елді мекен жерлері - 35 211 га;

өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жерлер және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлері – 1 654 га;

орман қорының жерлері – 1 912 га;

қордағы жерлері - 50 235 га.

Ауданның климаттық зонасы күртконтиненталды, қысы күшті желдермен ұзақ, жазы ыстық және құрғақ. Ауаның жылдық орташа температурасы қаңтар айында – -19; -35°С дейін, шілде айында – +23; +32°С. Жауынның жылдық орташа түсімі – 250-350 мм құрайды.

Ауданның өсімдік жамылғысы әртүрлі, шамамен 115 түрді қамтиды. Олардың ішінде ең көп тараған түрі бидайлы және күрделі гүлділер шөптері.

Топырақтары қарапайым қара жер, қоңыр, шалғын-қара. Топырақтың құнарлы қабатының қалыңдығы 45-60 см.

Ауданда 16 ветеринарлық пункт және 6 мал көмінділері бар.

Қазіргі уақытта Тимирязев ауданында мүйізді ірі қара 14 389 бас, ұсақ мал 19 442 бас, 5 916 бас жылқы саналады.

Тимирязев ауданында ауыл шаруашылық жануарларын қамтамасыз ету үшін жалпы 110 993 га жайылымдық жер бар, оның ішінде:

- ауыл шаруашылық жерлерінде 58 404 га;
- елді мекен шегінде 26 704 га;
- қордағы жерлерінде 3 686 га.

Тимирязев ауылдық округінде ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын ұстау бойынша жайылымдарға жалпы қажеттілік шамамен 11 000 га құрайды. Жайылымдық алқаптардың қалыптасқан қажеттілігін (жетіспеушілігін) қордағы жерден жайылымдарды беру, сондай-ақ мал өсірумен айналыспайтындардан алынған жайылымдарды қайтарып алу есебінен толтыру қажет.

Ескерту: аббревиатураның шешуі:


°С – Цельсия көрсеткіші;

га-гектар;

мм-миллиметр.

2020-2021 жылдарға арналған
Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданы бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі Жоспарға
1-қосымша

Құқық белгілейтін құжаттар негізінде жер санаттары, жер учаскелерінің меншік иелері және жер пайдаланушылар бөлінісінде әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында жайылымдардың орналасу схемасы (картасы)



Тимирязев ауданы аумағында жайылымдардың орналасу схемасына (картасына) қоса берілген жер учаскелерін пайдаланушылар тізімі


Схема бойынша №	Жер пайдаланушылардың атауы
Целинный ауылдық округі	
1	"Тем-Лан СК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
2	"Дрегер В.В." қарапайым серіктестік түріндегі фермер қожалығы
Докучаев ауылдық округі	
3	"Атамекен Агро Тимирязево" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
4	"Карбаев А." фермер қожалығы

Куртай ауылдық округі	
5	"Атамекен Агро Тимирязево" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
6	"Куцеволов В.П." фермер қожалығы
Дмитриев ауылдық округі	
7	"Жаркынколь" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
8	"Бырлик" шаруа қожалығы
9	"Абдрахманов Б.С." шаруа қожалығы
10	"Атамекен Агро Тимирязево" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Интернационал ауылдық округі	
11	"Атамекен Агро Тимирязево" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
12	"Ной Север" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
13	"Бади" фермер қожалығы
14	"Аяжанова Л.М." фермер қожалығы
15	"Талап и К" фермер қожалығы
16	"Сальникова Н.В." фермер қожалығы
Ақжан ауылдық округі	
17	"Агрофирма Солтүстік Байлық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
18	"Низам" шаруа қожалығы
19	"Первышин А.Ю." шаруа қожалығы
20	"Барабаш Михаил Андреевич" шаруа қожалығы
21	"Грабовский А.Л." фермер қожалығы
22	"Раймкулов А.Т." шаруа қожалығы
23	"Байгужин С.З." шаруа қожалығы
24	"Мадюк О.А." шаруа қожалығы
Тимирязев ауылдық округі	
25	"Залевский М.И." шаруа қожалығы
26	"Штыма В.И." фермер қожалығы
Хмельницкий ауылдық округі	
27	"Сагат СК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
28	"Узденбаев Б.Д." шаруа қожалығы
Москворецк ауылдық округі	
29	"Москворецкое" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Дзержинский ауылдық округі	
30	"Москворецкое" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
31	"Ерназ – Агро" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
32	"Аман и К" фермер қожалығы
33	"Райымбек и К" фермер қожалығы
34	"Алан и К" шаруа қожалығы
35	"Филиппов В.А." шаруа қожалығы
36	"ННИ" фермер қожалығы
37	"Анар" шаруа қожалығы
Ақсуат ауылдық округі	

38	"Куанышбек и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
39	"Аман и К" фермер қожалығы
40	"Аксуат – Зерно" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
41	"Агро-2005" фермер қожалығы
Есіл ауылдық округі	
42	"Ишимское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
43	"Олжас и К" фермер қожалығы
44	"Адалхан" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
45	"Вайс и К" фермер қожалығы
46	"Озимковский Т.Б." шаруа қожалығы
Ленин ауылдық округі	
47	"Москворецкое" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
48	"Қазақстан Бидайы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
49	"Джунусов Н.Т." шаруа қожалығы
50	"Ахметов К.Б" шаруа қожалығы
51	"Серикбаев К.С." шаруа қожалығы
Мичурин ауылдық округі	
52	"Мичуринское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Белоградов ауылдық округі	
53	"Малик и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
54	"Елимай и М" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Комсомол ауылдық округі	
55	"Кайнат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
56	"Уак и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі


2020-2021 жылдарға арналған
Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданы бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі Жоспарға
2-қосымша

Жайылым айналымдарының қолайлы схемасы




2020-2021 жылдарға арналған
 Солтүстік Қазақстан облысы
 Тимирязев ауданы бойынша
 жайылымдарды басқару және оларды
 пайдалану жөніндегі Жоспарға
 3-қосымша

Жайылымдардың, оның ішінде маусымдық жайылымдардың сыртқы және ішкі шекаралары мен алаңдары, жайылымдық инфрақұрылым объектілері белгіленген картасы




2020-2021 жылдарға арналған
Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданы бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі Жоспарға
4-қосымша

Жайылым пайдаланушылардың су тұтыну нормасына сәйкес жасалған су көздеріне (көлдерге, өзендерге, тоғандарға, апандарға, суару немесе суландыру каналдарына, құбырлы немесе шахталы құдықтарға) қол жеткізу схемасы



2020-2021 жылдарға арналған
Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданы бойынша
жайылымдарды басқару және оларды
пайдалану жөніндегі Жоспарға
5-қосымша

Жайылымы жоқ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы жануарларының мал басын орналастыру үшін жайылымдарды қайта бөлу және оны берілетін жайылымдарға ауыстыру схемасы



2020-2021 жылдарға арналған
Солтүстік Қазақстан облысы
Тимирязев ауданы бойынша
жайылымдарды басқару және оларды

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың және айдаудың маусымдық маршруттарын белгілейтін жайылымдарды пайдалану жөніндегі күнтізбелік графигі

№	Ауылдық округтің атауы	Жылдар	Танап нөмірлері			
			I	II	III	IV
1	Целинный	2020	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап
		2021	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау
2	Хмельницкий	2020	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау
		2021	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау
3	Докучаев	2020	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау
		2021	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау
4	Құртай	2020	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау
		2021	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау
5	Интернационал	2020	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау
		2021	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау
6	Дмитриев	2020	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау
		2021	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау
		2020	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау

		2021	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау
16	Белоградов	2020	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау
		2021	25 тамыздан 22 қазанға дейін бір реттік таптау	демалатын танап	25 сәуірден 24 маусымға дейін бір реттік таптау	25 маусымнан 24 тамызға дейін бір реттік таптау

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК